



Автор: Балмагамбетова Жайнагуль Амангалиевна

Пән: Дүниетану. Тарих компоненті

Сынып: 1-сынып

Бөлім: Саяхат

Тақырып: Алғашқы адамдар

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	• Барлық оқушылар: алғашқы адамның тіршілігі туралы білу; • алғашқы адамның сыртқы келбетін сипаттауға үйрену; • Оқушылардың басым бөлігі: ежелгі отбасын сипаттауды үйрену; • Кейбір оқушылар: алғашқы адамдар тіршілік еткен жерлерді картадан көрсете алу.
Сабақтың мақсаты:	1.3.1.1. көрнекі материалдарды зерделеу арқылы ежелгі адамдардың өмірі туралы әңгімелеу
Тілдік мақсаттар:	ежелгі адамдар – древние люди – ancient people; үңгір – пещера – cave; ру – род – family; аң аулау – охота – hunting.
Пәнаралық байланыс:	Жаратылыстану. «Орындап көр» тапсырмасын орындау барысында жүзеге асады.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Оқушыларды қызықтыру үшін сабақты былайша бастауға болады. Оқушылардан сыныптағы сағатқа қарауын, сағат тілін ойша 2 сағатқа шегеруін және сол кезеңде олар немен айналысқанын естеріне түсіруін сұраңыз. Бұдан әрі 5 жыл бұрын не болғанын кім есіне түсіре алатынын сұраңыз. «Өткен кезеңде не болғанын зерттейтін ғылым бар. Бұл ғылым тарих деп аталады және біз сол тарихты оқуды бастаймыз. Ол бізге адамзаттың өткені туралы әңгімелеп береді» – деп, тарих туралы түсіндіріп кетіңіз. Бота әкелген ежелгі еңбек құралдарының – жер қазатын таяқтың және тас балтаның суреттерін көрсетіңіз. Оқушылардан бұл заттардың атауын, кімдер және қашан қолданғанын сұраңыз. Бұл заттарды алғашқы адамдар қолданғанын түсіндіріңіз. Бұл сабақта оқушылар осы құралдармен танысады. Оқушыларға картадан алғашқы адамдар мекендеген Шығыс Африканы көрсетіңіз. Салыстыр. Оқушыларға оқулықтағы бірінші екі суретті салыстыруға тапсырма беріңіз. Олардан алғашқы адамдар мен қазіргі адамдар арасында қандай айырмашылық бар екенін сұраңыз. Жауабы: Ежелгі адамдар маймылға ұқсас, бет әлпеттері дөрекі болған. Сөйлей алмаған. Олардың қолдары ұзын және маңдайлары тар болған. Бұдан әрі оқушыларға ойларын растайтын мәтінді өз бетінше оқуға тапсырма беріңіз.	
Сабақтың ортасы	Картамен жұмыс. Келесі тапсырманы орындау үшін дүниежүзілік физикалық картаны пайдалану қажет. Оқушылар жауап беріп, тапсырманы орындауы тиіс. Картаға алғашқы адамдардың қозғалысын (қоныс аудару жолдарын) көрсететін бірнеше меңзерді жабыстырыңыз. Оқушыларға балаларға арналған «Алғашқы адамдар» мультфильмін көрсетіңіз. Неліктен алғашқы адамдардың топтасып өмір сүруге мәжбүр болғанын сұраңыз. Олардың ойларын тыңдаңыз. Бұдан әрі оқушылар оқулықтағы 2-суретті қарайды. Олар өз жауаптарын оқулықтағы мәтінмен салыстырады. Оқушылардың әңгімелерін алғашқы адамдардың өмірі туралы мәліметпен толықтырыңыз.	
Сабақтың соңы	Ежелгі адамдар топтасып өмір сүрді. Әйелдер өсімдік тамырларын, жеміс-жидектерді терді. Ер адамдар аң аулады. Адамдар үңгірлерді баспана етті. Бұтақтардан және жануарлардың сүйектерінен баспана жасады.	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Рефлексия	Алғашқы адамдарды жануарлардан ажыратып тұратын ерекшеліктіңастын сызыңыз. Екі аяғымен жүрді, үңгірді мекендеді, еңбек құралдарынжасады, аң аулады, жануарлардың терісін жамылды, оттан қорықпады,жаңа нәрселерді ойлап тапты, қол-аяқтары жылдам және икемді болды,сөйлей алды, болжамдай алды, өз әрекеттерінің нәтижелерін болжай алды.	